

**Амирова Г.О., Боранбаев С.Р.**

М.Ауэзов атындағы Түштүк Қазақстан университеті, филология бағыты, докторантура,  
М.Ауэзов атындағы Түштүк Қазақстан университетінің қазақ тили жана адабияты  
кафедрасы, филология илимдеринин кандидаты

**Амирова Г.О., Боранбаев С.Р.**

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті филология, докторантура  
мамандығы бойынша,  
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасы,  
Филология ғылымдарының кандидаты

**Амирова Г.О., Боранбаев С.Р.**

Южно-Казахстанский университет им.М.Ауэзова, специальность филология,  
докторантура,

Южно-Казахстанского университета им.М.Ауэзова, кафедра казахского языка и  
литературы, кандидат филологических наук

**Amirova G.O., Boranbaev S.R.**

South Kazakhstan University named after M. Auezov, majoring in philology, doctoral studies,  
Department of Kazakh language and literature, South Kazakhstan University named after M.  
Auezov, Candidate of Philology

**ЭСКИ ТҮРК ТИЛДЕРИНИН ЖАЛПЫ СӨЗДӨРҮ**  
**ЕСКІ ТҮРКІ ТІЛДЕРІНЕ ОРТАҚ СӨЗДЕР**  
**ОБЩИЕ СЛОВА ДЛЯ ДРЕВНЕТЮРКСКИХ ЯЗЫКОВ**  
**COMMON WORDS FOR OLD TURKIC LANGUAGES**

**Аннотация:** Бул мақалада байыркы түрк тилдерине тиешелүү болгон сөздөр каралат. Тил өзүнүн өнүгүүсүнүн түрдүү этаптарында лингвистикалык көрсөткүчтөрүндө ар дайым өзүнүн белгилерин, изин калтырып келген. Бүгүнкү күндө аныктоо өтө кыйын болгон бул тарыхый белгилер тил тарыхын кылдат изилдөө үчүн эң баалуу материалдардын бири болуп саналат. Бул белгилер аркылуу тилдин табигый абалын, анын курчап турган өлкөлөр менен саясий жана маданий байланышын аныктоого болот. Демек, тил – элдин тарыхынын күзгүсү дейбиз. Демек, тилдин өнүгүү тарыхы ошол тилдин ээлеринин тарыхы менен тыгыз байланышта. Элдик тарых илимпоздорунун тилге өзгөчө көңүл буруп, аны тарых менен салыштырып изилдөөсүндө чоң кемчиликтин белгисин көрө алабыз. Бирок, көп колдонулган түрк сөздөрү менен түрк тилине орток сөздөрдү айырмалоо керек. Мисалы, араб-фарсы жана монгол тилдеринин кириш элементтери сөздүктөн алынып салынса, түрк тилдеринин лексикасы гана калат жана бул түрк тилдеринин жалпы лексикасын түзөт. Жалпы лексиканын курамына түрк тилдеринин ар кайсы диалектилеринде ар кандай вариантта колдонулган, бирок семантикалык мааниси бирдей болгон сөздөр кирет. Сөздүктүн лексикасын барактап көрсөң, булар «Мукаддиматтын» үчтөн бир бөлүгүн түзөт экен. Бул жазма эстеликте кыпчак тилинин мүнөздүү белгилери ошол жерде жазылган жазма варианттарга салыштырмалуу канчалык деңгээлде сакталып калганын билүү биздин изилдөөнүн максаттарынын бири.

**Аннотация:** Бул мақалада көнө түрк тилдерине ортак сөздөр карастырылады. Тил өзінің дамуының эртүрлі кезеңдерінде үнемі тилдік көрсөткіштерде өзіне тән белгілер мен іздер

қалдырды. Бүгінгі таңда анықтау өте қиын болған бұл тарихи белгілер тіл тарихын мұқият зерделеу үшін ең қымбат материалдардың бірі болып табылады. Осы белгілер арқылы тілдің табиғи жағдайын айналасындағы елдермен саяси және мәдени қатынасын анықтауға болады. Сондықтан, тіл-халық тарихының айнасы деп айтамыз. Ендеше тілдің даму тарихы сол тілді иеленушілердің тарихымен тығыз байланысты келеді. Халық тарихымен айналысқан ғалымдардың тілге айрықша ден қойып, оны тарихпен шендестіре отырып зерттеуінен шын мәнінде зор кемелдіктің белгісін аңдаймыз. Алайда, жалпықолданыста болған түркі сөздері мен түркі тіліне ортақ сөздердің ара жігін айыра білу керек. Мәселен, сөздіктегі араб-парсы, моңғол тілдерінен енген кірме элементтерді қоспай алып тастағанда, онда тек түркі лексикасы қалады, міне, осы, түркі тілдеріне тән ортақ лексиканы құрайды. Ал жалпықолданыстағы лексикаға түркі тілдерінің әр диалектілерінде түрлі вариантта қолданылатын, бірақ семантикалық мағынасы бір сөздер жатады. Сөздіктің сөздік құрамын сүзіп шыққанда, бұлар “Мукаддиматтың” үштен бір бөлігін құрайды екен. Зерттеу мақсатымыздың бірі – бұл жазба ескерткіштің бойында сол тұстағы жазылған кез келген жазба нұсқалармен салыстырғанда қыпшақ тілінің өзіне тән ерекшелігі қаншалықты сақталғандығын анықтауға келіп саяды.

**Аннотация:** В этой статье рассматриваются слова, общие для древнетюркских языков. Язык на разных этапах своего развития постоянно оставлял в языковых показателях свои характерные черты, следы. Эти исторические знаки, которые сегодня очень трудно определить, являются одними из самых дорогих и незаменимых материалов для тщательного изучения истории языка. По этим признакам можно определить естественное состояние языка в начале, в какие времена, при каких условиях, с какими странами вокруг него происходили отдаленные политические культурные отношения. Поэтому мы говорим, что язык – это зеркало истории народа. Таким образом, история развития языка тесно связана с историей носителей этого языка. Особое внимание ученых, занимавшихся историей народа, уделяем языку, изучая его в сочетании с историей, обнаруживаем в нем признаки поистине огромного совершенства. При фильтровании словарного состава словаря они составляют треть "Мукаддимата". Одна из целей исследования заключается в том, чтобы определить, насколько сохранена характерная особенность кипчакского языка по сравнению с любыми письменными вариантами, написанными на памятнике. А для того, чтобы определить, насколько он близок к родственным языкам, эволюционное развитие языковых знаков, необходимо сравнить его с другими письменными вариантами, которые появились на свет, попав в письмо раньше или после него.

**Abstract:** This article discusses words common to the old Turkic languages. At each stage of its development, the language constantly left its distinctive features and traces in the language indicators. These historical features, which are very difficult to identify today, are among the most valuable and indispensable materials for a thorough study of the history of the language. By these signs, we can determine the natural state of language at its origin, at what time, under what conditions, and in what countries it had distant political and cultural relations with. That is why we say that language is a mirror of the history of the people. The history of language development is inextricably linked with the history of native speakers. We are looking for a sign of truly great perfection in the study of the language by scientists who have studied the history of the people, paying special attention to it and combining it with history. When you filter out the vocabulary of the dictionary, it turns out that they make up about a third of the “Mukaddimat”. One of the goals of our research is to find out how much the characteristic features of the Kipchak language are preserved along this written monument in comparison with any written version of it. And in order to determine how close it is to

related languages, the evolutionary development of language features, it is necessary to compare it with other written versions that were born before or after it.

**Негизги сөздөр:** түрк, эл, тил, маани, тарых, мурас, уруу, талант

**Кілт сөздер:** түркі, халық, тіл, мағына, тарих, мұра, тайпа, дарын

**Ключевые слова:** тюрк, народ, язык, смысл, история, наследие, племя, дарын

**Keywords:** turkic, people, language, meaning, history, heritage, tribe, talent

**Кіріспе.** Түркі халықтарының тілін, әдебиетін зерттеу ерте заманға бармайды, Орта ғасыр жазба ескерткіштерінен бастау алады. Деректерге сүйенсек, алғашқы түркі тілін зерттеушілер – араб ғылымымен, мәдениетімен ұштасып жатады. Оның тарихи себептері де бар. Біріншіден, түркі халықтарының басым бөлігі (Орта Азия, Түркия) арабтардың қол астында болғандығы. Екіншіден, арабтар басып алған жер өте үлкен болғандықтан, қатынасты сақтау мақсатында түркі тілдерін меңгере бастаған. Осылайша жергілікті халықтардың тілі мен мәдениетіне қатысты құндылықтар араб тілінде жазыла бастады. Қай дәуірден бастап зерттеле бастағанын нақты айту қиын. Сонда да бізге жеткен ең көне түркі тілдеріне қатысты пікір айтылған жазбалар қараханидтер дәуіріне сай келеді. Ең күрделі және уақыты жағынан көне болып келетіні М.Қашғаридің «Диуани лұғат-ит түрк» атты еңбегін сол дәуірге жатқызамыз. Осы дәуір тұсына сай келетін, түркі тілдері туралы жазылған екінші мұра – «Мукаддимат әл-Адаб». Ең негізгі және көлемді еңбектердің бірі – «Мукаддимат әл-Адаб» құнды дүниеге айналып отыр. Орта ғасырдағы тарихи және әлеуметтік жағдайдан сыр шертетін бірден-бір мұра деп қараймыз. Туынды тек сөздік қана емес, тілдің грамматикалық құрылымы жайлы да сөз етеді.

**Тақырыптың өзектілігі мен тапсырмалар.** Тіл өзінің дамып-жетілу кезеңдерінің әр айрықтарында өзіне тән түрлі белгілерін, ізін тілдік көрсеткіштерде үнемі қалдырып отырған. Бүгінде анықтауы өте қиынға түсетін осы тарихи белгілер тілдің тарихын тиянақты зерттеу үшін ең қымбат, таптырмайтын материалдар қатарына жатады. Сол белгілер арқылы тілдің әу бастағы табиғи қалпын, қай заманда, қандай жағдайда, айнала қоршаған қандай елдермен алыс-беріс саяси мәдени қарым-қатынаста болғанын біршама анықтай аламыз. Тіл – халық тарихының айнасы дейтініміз сондықтан. Ендеше тілдің даму тарихы сол тілді иеленушілердің тарихымен тығыз байланысты келеді. Халық тарихымен айналысқан ғалымдардың тілге айрықша ден қойып, оны тарихпен шендестіре отырып зерттеуінен шын мәнінде зор кемелдіктің белгісін аңдаймыз. Атағы әйгілі ғалымдар В.В.Радлов пен А.А.Куниковтің: “Историческая этнография должна основываться на лингвистических началах” [1]; К.А.Иностранцевтің: “В этнографии настоящее время придается языку не менее, если даже не более важное значение” [2]; В.В.Бартольдтың: “Некоторый материал для суждения о прошлом кочевых народов, как и всяких других, дают лингвистические факты” [3] сияқты пайымды пікірлері өзінің ғылыми салмағын әлі жойған жоқ. Бұл келтірілген тарихи-әдістемелік принциптің ауанын аңдататын сөздер негізінде тарих пен тілдің жұбын жазбай зерттеу қажет дегенді діттейді. Бұл тұрғыдан келгенде “Мукаддиматтың” сөздік қоры да өз кезеңінің түрлі тарихи белгілерін молынан жинап, мықтап сақтап жатыр. Тіл тарихын зерттеуіміздегі негізгі табан тірер дерегімізді осы “Мукаддиматтан” алып, ондағы көрінетін ерекше тілдік фактілерді қыпшақ тілі, ол арқылы қазақ тілі тарихын анықтай алатын материал ретінде пайдаланып, оларды түбегейлі қарастыру барысында тума тіліміздің өзіндік даму эволюциясындағы өзгерістердің қайнар бастауларына үңілуге мүмкіндік аламыз. Сөз жоқ, алуан-алуан түркі тілдес халықтар бір-бірімен өзара етене жақын байланыста өмір сүрген. Десек те замана озған сайын кей тілдердің ара жігі айырылып, жеке бөлініп, туыстас тілден

ірге ажыратса (мәселен, саха, чуваш, шор, хақас, алтай тілдері), ендігі бір тілдер тобы бұған керісінше, өзара тоғысып, жақындаса түсті. Бірақ қаншалықты ірге ажыратса да туыстас тілдердің көне сілемдері тілдік көрсеткіштерде ізін қалдырды. “Мукаддиматтағы” сөздердің түп-төркіндеріне үңілгенде, оның кей тарихи тілдік белгілерін есте жоқ ескі заманда ара жігі бөлінген сол туыстас тілдерден іздейтініміз де осының дәлелі. Тіл тарихынан бізге қыпшақ тілін зерттеу мәселесі XI ғасыр ғалымы Махмуд Қашқаридан басталып, ХУІІ ғасырдың бас кезіне барып тірелетіні белгілі. Қыпшақ тілін зерттеудің көш басында тұрған Махмуд Қашқари бұл тілдің әр түрлі диалектілері бар екендігін, сөз алдында “й” дыбысымен қоса “ж” дыбысы да қатар кездесетінін, мұндай ерекшеліктер дыбыстық жүйеде ғана емес, онымен бірге жеке сөздер, морфологиялық форманттарда да ұшырайтынын ескерткен еді. Ескі қыпшақ жазба ескерткіштері өз ішінде көне түркілік белгілермен қатар өз тұсындағы оғыз, қарлұқ сияқты туыстас тілдер белгілерін де әрі тек қыпшақ тілдеріне ғана тән тілдік элементтерді қамтитыны аян. Дәлірек айтқанда, кез келген түркі жазба ескерткіші үш негізден: түркі тілдерінің жалпықолданысындағы сөздерден; екіншіден, ескерткіштің өзіне ең жақын тұрған туыстас тілдер тобындағы белгілерден; үшіншіден, сол ескерткіштің өзінде ғана кездесетін, басқа жазба нұсқаларында ұшырамайтын “эндомалық формалардан” тұрады. Соңғысы, әдетте, ескерткіштерде мейлінше аз келеді.

“Мукаддиматтағы” түркі материалдарының негізгі бөлігі, араб-парсы, моңғол тілдерінен енген кірме сөздерді қоспағанда, түркі тілдерінің туыстастығын білдіретін ортақ сөздерден құралады. Кез келген ескі түркі жазба жәдігерліктерінің де негізгі үлкен қабатын құрайтын осы түркі лексемалары құрайды. “Тілдің лексикалық қоры көптеген дәуірлердің нәтижесі екені белгілі. Көне дәуірде ортақ түркі тілі өз дамуының барысында бірнеше тілдерге сараланып, соның өзінде де бұрынғы түбір сөздер бөлінген әрбір жеке тілдің негізін құрды. Басқаша айтқанда, әр тіл өзінің бұрынғы ортақтастығын сақтап қалды. Бөлінген тілдер өз еншісіне тиген ортақ сөздерді негіз етті” [3,5]. ХІІ ғасырдағы жергілікті халықтың сөйлеу тіліне негізделген “Мукаддимат” лексикасының түркі қабаты жалпықолданыстағы лексемаларды түзеді. Алайда, жалпықолданыста болған түркі сөздері мен түркі тіліне ортақ сөздердің ара жігін айыра білу керек. Мәселен, сөздіктегі араб-парсы, моңғол тілдерінен енген кірме элементтерді қоспай алып тастағанда, онда тек түркі лексикасы қалады, міне, осы, түркі тілдеріне тән ортақ лексиканы құрайды. Ал жалпықолданыстағы лексикаға түркі тілдерінің әр диалектілерінде түрлі вариантта қолданылатын, бірақ семантикалық мағынасы бір сөздер жатады. Мысалы, “ай”, “күн”, “үлгәр”, “иетиген”, темірқазуқ” т.б. Осылайша, жалпықолданыстағы лексика адамның іс-әрекетін, қоршаған ортасын түгел қамтиды. Сөздіктің сөздік құрамын сүзіп шыққанда, бұлар “Мукаддиматтың” үштен бір бөлігін құрайды екен. Зерттеу мақсатымыздың бірі – бұл жазба ескерткіштің бойында сол тұстағы жазылған кез келген жазба нұсқалармен салыстырғанда қыпшақ тілінің өзіне тән ерекшелігі қаншалықты сақталғандығын анықтауға келіп саяды. Ал оның туыстас тілдерден қаншалықты жақын-алысын, тілдік белгілердің эволюциялық дамуын анықтау үшін оны өзінен бұрынғы өз тұсында не өзінен кейін хатқа түсіп, дүниеге келген басқа жазба нұсқалармен салыстыра қарастыру қажет.

Бұндай дыбыстық, мағыналық үйлесім тауып жатқан сөздер қос сөздікте жыртылып айрылады. Енді “Мукаддиматты” ХІІІ-ХІУ ғасырлар аралығында готикалық және көне шрифтымен жазылған, әйгілі ортағасырлық ақын Ф.Петрарка Венецияның Әулие Марк кітапханасына тапсырған, қыпшақ тілінде хатқа түскендігі ғылыми тұрғыда дәлелденіп, ол жөнінде ешқандай күмән туғызбайтын “Кодекс Куманикуспен” (“Куманша (қыпшақша)

сөдік”) де салыстырып көрелік. Бірінші бағанада “Кодекстен” сөздер алынып, беті көрсетіледі, одан әрі “Мукаддиматтағы” балама сөздер келтіріліп, беті көрсетіледі.

**Зерттеу нәтижелері және ұсыныстар.** Расында да, көне түркі тілдес халықтар өзара қоян-қолтық байланыста өмір сүрген. Уақыт өткен сайын кейбір тілдердің ара-жігі ажырап, жеке бөлініп, туыстас тілден алшақтап жатса (мәселен, чуваш, шор, хақас, алтай тілдері), ендігі бір тілдер тобы осыған керісінше, өзара тоғысып, жақындаса түсті. Бірақ қаншалықты алшақтаса да туыстас тілдердің ұшқындары тілдік көрсеткіштерде ізін қалдырды. “Мукаддиматтағы” сөздердің этимологиясын зерттегенде, кейбір тарихи тілдік ерекшеліктерін ерте заманда ара-жігі ажырағандығын сол туыстас тілдерден іздейтініміз де осының дәлелі болмақ. Сөздіктегі түркі материалдарының негізгі бөлігі, араб-парсы, моңғол тілдерінен енген кірме сөздерді қоспағанда, түркі тілдерінің туыстастығын білдіретін ортақ сөздерден құралатындығын байқадық. “Мукаддимат” тілін ХУ ғасырдың туындысы, қыпшақ тілі негізінде жазылған, авторы белгісіз “Китаб аттуһфа-уз закийа фил-луғат-ит түркийа” (“Түркі тілі туралы жазылған ерекше сыйлық”) жазба ескерткішімен де салыстырасалғастыра қараған жөн. Өйткені бұл ескерткіштің лексикасын зерттеген ғалым Т.Арыновтың көрсетуі бойынша: “Аттуһфаның” лексикалық тұлғасы басқа ешбір тілге дәл қазақ тіліндей өзгеріссіз сақталмаған” [4]. Ғалымның бұл шығарманы көне қазақ тілінде жазылған ескерткіш деп қарауға негіз бар деуі сондықтан. Қорыта келгенде айтпағымыз – “Мукаддимат” пен қазіргі қазақ тілінің сонау алыстан барып қосылса да өзара тарихи байланысын ашып көрсету мақсатында әр кезеңдегі жазылып қалынған тілдік материалдарды бір-бірімен нақты салыстырып, оның туыстас тілдерден қаншалықты жақын, алысын анықтауға мүмкіндік алдық. Осы салыстырулар негізінде байқағанымыз, ескерткіш тілінің сол тұста жазылған ескерткіштермен салыстырғанда қыпшақтық ерекшелігі барлығы, көп дені тілдік қорымызда кездесетін сөздер екендігі. Сондай-ақ өзінен бұрын жазылған Махмуд Қашқаридің “Диуани луғат ит-түрк”, өзінен кейін жазылған “Аттуһфа”, “Кодекс куманикуспен” шендестіре қарап шықтық, ондағы сөздер “Мукаддиматпен қабысып жатқанын көрдік.

Тілдің лексикалық қоры көптеген дәуірлердің нәтижесі екені белгілі. Көне дәуірде ортақ түркі тілі өз дамуының барысында бірнеше тілдерге сараланып, соның өзінде де бұрынғы түбір сөздер бөлінген әрбір жеке тілдің негізін құрды. Басқаша айтқанда, әр тіл өзінің бұрынғы ортақтастығын сақтап қалды. Бөлінген тілдер өз еншісіне тиген ортақ сөздерді негіз етті” [5]. XII ғасырдағы жергілікті халықтың сөйлеу тіліне негізделген “Мукаддимат” лексикасының түркі қабаты жалпы қолданыстағы лексемаларды түзеді. Алайда, жалпы қолданыста болған түркі сөздері мен түркі тіліне ортақ сөздердің ара -жігін айыра білу керек. Мәселен, сөздіктегі араб-парсы, моңғол тілдерінен енген кірме элементтерді қоспай алып тастағанда, онда тек түркі лексикасы қалады, міне, осы, түркі тілдеріне тән ортақ лексиканы құрайды. Ал жалпы қолданыстағы лексикаға түркі тілдерінің әр диалектілерінде түрлі вариантта қолданылатын, бірақ семантикалық мағынасы бір сөздер жатады[6]. Мысалы, “ай”, “күн”, “үлгәр”, “иетиген”, темірқазуқ” т.б. Осылайша, жалпы қолданыстағы лексика адамның іс-әрекетін, қоршаған ортасын түгел қамтиды. Сөздіктің құрамын сүзіп шыққанда, бұлар “Мукаддиматтың” үштен бір бөлігін құрайды екен. Зерттеу мақсатымыздың бірі – бұл жазба ескерткіштің бойында сол тұстағы жазылған кез келген жазба нұсқалармен салыстырғанда қыпшақ тілінің өзіне тән ерекшелігі қаншалықты сақталғандығын анықтауға келіп саяды. Ал оның туыстас тілдерден қаншалықты жақын-алысын, тілдік белгілердің эволюциялық дамуын анықтау үшін оны өзінен бұрынғы өз тұсында не өзінен кейін хатқа түсіп, дүниеге келген басқа жазба нұсқалармен салыстыра қарастыру қажет[7].

Қорыта келгенде, Өз-Замахшаридің «Мукаддимат әл-Адаб» еңбегі түркі халықтарына ортақ мұра болып табылады. Зерттеуіміздің нысанына айналған бұл тарихи мұра әлі де болса тілдік талдауды, тарихи тамырын ашуды талап ететіні сөзсіз. Өз заманының шоқтығы биік шығармасы болса да, әлі күнге дейін құндылығын жоғалтпай отыр[8]. Осындай шығармаларды зерттеу әрбіріміздің борышымыз. Өз-Замахшаридің өмірі мен қызметі, ғылыми мұраларына байланысты деректерді сарыла іздеп, табылғандарын рухани кәдемізге жарату үлкен мақсаттарымыздың бірі. Өйткені сол кезеңдерде генетикалық бірлікте дамыған Орта Азия мен Қазақстан топырағында туып, ғұмыр кешкен, артына өлмес мұра, өшпес із қалдырған өз-Замахшари өз дәуірінің аса көрнекті ғалымдарының бірі болды. Арада қаншама ғасыр өтсе де оның есімі мен ғылыми дүниелері өлмей, өшпей біздің заманымызға дейін жетіп отыр

#### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1. Исаев С. Тілдер құпиялары //Қазақ тілі мен әдебиеті, №4, 1983, 74-бет.
2. Голубовский П.В. Печенеги, торки и половцы до нашествия татар. Киев, 1884. 33 с.
3. Иностранцев К.А. Хунны и гунны. Л., 1926, 43 с. 34. Бартольд В.В. История турецко-монгольских народов. Ташкент, 1928, 5 с
4. Кеңесбаев І., Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Фонетика. Лексика. Алматы, 1975, 86-б.
5. Өз-Замахшариге қатысы мағлұматтар Б.З.Хамидовтың ”Замахшари (о жизни и творчестве)” деген еңбегі бойынша жазылды. // Жинақ: Семитские языки, выпуск (ч.2). М., 1965 542-556 сс.
6. Ибатов Ә. Алтынорда дәуіріндегі жазба ескерткіштер..., 46-47-бб. 25.
7. Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. Мектеп, Алматы, 1971, 53-б. 26
8. Иностранцев К.А. Хунны и гунны. Л., 1926, 43 с.

УДК: 81-2:811.161(575.2)(043.3)

DOI 10.33514/1694-7851-2022-2-21-25

**Атикол Бурхан Умур**

И. Арабаев атыдағы КМУ, аспирант

**Атикол Бурхан Умур**

КГУ им. И.Арабаева, аспирант

**Atikol Burhan Umur**

KSU I. Arabaev, Postgraduate student

## **ДҮЙНӨНҮН ТИЛДИК СҮРӨТҮН ЧАҒЫЛДЫРУУДА САНДЫҚ СИМВОЛИКАНЫҢ РОЛҮ**

### **РОЛЬ ЧИСЛОВОЙ СИМВОЛИКИ В ОТРАЖЕНИИ ЯЗЫКОВОЙ КАРТИНЫ МИРА THE ROLE OF NUMERICAL SYMBOLISM IN THE REFLECTION OF THE LINGUISTIC PICTURE OF THE WORLD**

**Аннотация:** Мақалада талдоого алынған иллюстрациялық материалдар кыргыз тилинде сан концептин өзүнчө бөлүүгө негиз бар экендигин көрсөттү. Анткени, сан - дүйнөнүн